## Жоламан БОШАЛАҚ



**Белгілі журналист Жоламан Бошалақ өмірден өтті.**

Жоламан Ондыбайұлы 1943 жылы Атырау облысы, Ембі ауданы, Тұрғызба ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, кейін Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Кәсіби еңбек жолын Шевченко телестудиясында бастап, бас редактор лауазымына дейін көтерілді. Кейіннен облыстық «Коммунистік жол» газетінде бөлім меңгерушісі, Мұнайлы аудандық «Мұнайлы жаңалығы» газетінің бас редакторы, ал тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Маңғыстау облыстық телерадиокомпаниясы төрағасының орынбасары мен облыс әкімінің баспасөз хатшысы қызметтерін абыроймен атқарды.

Бұдан кейінгі жылдары облыстық «Маңғыстау» газетінің бас редакторы және «Egemen Qazaqstan» газетінің Маңғыстау облысындағы меншікті тілшісі болып ұзақ жылдар бойы еңбек етті.

Жоламан Ондыбайұлы – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ірі тұлғалары жайында жазған бірнеше терең танымдық мақалалар мен очерктер топтамасының авторы.

Ұзақ жылдар бойы БАҚ саласының дамуына қосқан айрықша үлесі үшін КСРО телерадио үздігі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығы лауреаты атанып, ҚР Ақпарат, мәдениет және спорт министрінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағымен марапатталған.

Саналы ғұмырын ел игілігіне арнап, туған жерінің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан, азаматтық ұстанымымен ел-жұрттың құрметіне бөленген Жоламан Ондыбайұлының қазасына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақын-жуықтарына, әріптестері мен барша Маңғыстау жұртшылығына қайғыра көңіл айтамыз.

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ, МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ, МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ, МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ.**

# КІТАПХАНА – МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ОРДАСЫ



**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. ОҒАН ҚАРСЫ КҮРЕС ТЕК МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ МІНДЕТІ ЕМЕС, ӘР АЗАМАТТЫҢ ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕП, АДАЛ ЕҢБЕК ЕТУІНЕН БАСТАЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУШІЛІК КӨЗҚАРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. БҰЛ БАҒЫТТА КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ДА ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР. КІТАПХАНА – ОҚЫРМАНҒА АҚПАРАТ ҰСЫНЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, АДАМГЕРШІЛІК, ӘДІЛДІК, ЖАУАПКЕРШІЛІК СЕКІЛДІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАЙТЫН РУХАНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ОРТА.**

Мұнайлы аудандық орталық кітапханасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында түрлі ақпараттық-түсіндіру шаралары ұйымдастырылады. Оқырмандарға заң талаптарын сақтау, адалдық пен парасаттылықтың мәнін түсіндіруге арналған кітап көрмелері, ақпараттық бұрыштар, тақырыптық кездесулер мен пікірталастар өтеді. Соның бірі TED X форумына «Адалдық – табысты қоғам негізі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды және әр апта сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы жиналыс өтеді.

Кітапхана қорындағы құқықтық әдебиеттер мен мерзімді басылымдар оқырман назарына ұсынылып, қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың кері әсері туралы ақпараттар таратылады. Әсіресе жастар мен балалар арасында адалдық, әділдік және жауапкершілік құндылықтарын дәріптеуге басымдық беріледі.

Мұндай іс-шаралардың мақсаты – тек ақпарат беру ғана емес, әр адамның заңға құрметпен қарап, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауына ықпал ету. Өйткені жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның санасы мен күнделікті ұстанымынан қалыптасады.

Адал еңбек ету, өзгенің құқығын құрметтеу, қызметтік міндетті жауапкершілікпен орындау – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың қарапайым әрі маңызды қағидалары. Осы ұстанымдар кітапхана ұжымының қызметінде де басты назарда. Кітапхана қызметкерлері оқырмандарға сапалы әрі қолжетімді қызмет көрсетіп, жұмыс барысында ашықтық пен жауапкершілік қағидаларын ұстануға мән береді. Себебі қоғамдағы сенім әр адамның өз міндетін адал орындауынан басталады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам қалыптастыру – ұзақ мерзімді әрі баршаға ортақ міндет. Оның негізінде заң талаптарын білу ғана емес, адалдық пен әділдікті өмірлік ұстанымға айналдыру жатыр. Кітапхана– осы құндылықтарды насихаттап, оқырманның құқықтық және рухани сауатын арттыруға үлес қосатын маңызды мәдени орта. Адалдықты дәріптеу, заңды құрметтеу және жауапкершілікті сезіну – жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың берік негізі.

Адалдық – адамдықтың айнасы, әділдік – қоғамның тірегі.

**Әсел ТҰРСЫНҒАЛИЕВА,**
Мұнайлы аудандық орталық кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Емир-Ойл» ЖШС келесі жобалар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды:**

1. 2027 жылға арналған «Емир-Ойл» ЖШС нысандары үшін атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтері (РЕШН) жобасы;
2. 2027 жылға арналған «Емир-Ойл» ЖШС үшін қалдықтарды басқару бағдарламасы;
3. 2027 жылға арналған «Емир-Ойл» ЖШС үшін экологиялық бақылау бағдарламасы;
4. 2027 жылға арналған табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары;
5. «Кариман кен орнын кеңейту. К-127 ұңғымасын жайластыру» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

**Әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі:** Маңғыстау облысы, Мұңайлы ауданы, координаттары: Долинное кен орны: 43° 51' 26 с.е., 51° 35' 30" ш.б., Ақсаз кен орны: 43° 52' 11 с.е., 51° 29' 31" ш.б., Кариман кен орны: 43° 45' 47 с.е., 51° 38' 43" ш.б.

**Қоғамдық тыңдаулар өтетін күн, уақыт және орын:** 2026 жылғы 12 қазан сағат 11:00-де, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауыл округі, Баянды ауылы, клуб ғимаратында өтеді.

**Маңғыстау облысының аумағында карантиндік режим енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы өтетін болады:**

**Уақыты:** 12 қазан 2026 ж 11:00

**Zoom конференциясына қосылу:** https://us05web.zoom.us/j/89302956807?pwd=tUfHMOFnLoan6qOu0Jj67qS01xOKzw.1

**Чат конференциясына сілтеме:** https://us05web.zoom.us/launch/jc/89302956807

**Конференция идентификаторы:** 893 0295 6807

**Кіру коды:** G5Eiuq

**Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері:** «Емир-Ойл» ЖШС, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылы, Құйылыс ауданы, құрылыс 14. БСН: 020340004531, тел: 8-729-229-0960, эл.пошта: k_kalova@emiroil.kz.

**Әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері:** «Мунай Энерджи Групп» ЖШС, БСН: 110140015638,

Астана қ., байланыс тұлғасы: А.И.Шакирова +7 7756-414141;

**Барлық ескертулер мен ұсыныстар ҚО ТРЖ ҰБД https://ndbecology.gov.kz және жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет ресурсында қабылданады:** https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru

**Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы — Маңғыстау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы:** mangystautabigat@gmail.com, Ақтау қ., 14-шағынаудан, 1-ғимарат, тел: 8 (7292) 46-21-31/1066

№421

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жетібай кен орнының объектіне орналасқан ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға арналған жұмыс жобалары.**

**Объектілердің атауы:**

1. «Жетібай кен орнында №2136, №2981, №4331 ұңғымаларының газ қақпағын тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау жобасы»;

**Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:** 43°33′36″ с. ш. 52°18′54″ в. д.

**Қоғамдық тыңдауларды өткізу аумағы, күні, уақыты және орны:** 2026 жылғы, 12 қазанның сағат 15.00-де Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ғимаратында, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы.

**Microsoft Teams онлайн платформасында өтеді:**

https://teams.microsoft.com/meet/479634086724177?p=cmRCio0-HS8shENO4PP

**Конференция идентификаторы:** 479 634 086 724 177

**Кіру коды**: A3Nn9Wc7

**Тұтынушы:** «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, БСН: 990140000483, Ақтау қ., 6-ш/а, 1-ғимарат, тел.: 8 /7292/ 212-226.

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы

https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru.

**Жобаның әзірлеуші:** «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, Күрделі құрылыс департаменті; БСН: 990140000483

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/ интернет ресурста

**Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі:** a.zhaparova@mmg.kz , тел: 212-226

**Ескертулер мен ұсыныстар:** https://ndbecology.gov.kz, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

№419

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

**«ТеңізСервис» ЖШС** (Теңізде жанармай құю алаңы) келесі жобаларға қоғам дық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды: «2027-2036 жылдарға ар нал ған атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нор ма тив терінің жобасы», «2027-2036 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы», «2027-2036 жылдарға арналған экологиялық бақылау бағдарламасы», «2027-2036 жылдарға арналған табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары».

**Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары:** Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы 44°58'51,56", 50°28'84,54".

**Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны:** Маңғыстау облысы, Түпқараған ауда ны, Форт-Шевченко, Нұрсұлтан Оңғалбайұлы көшесі, 53, мәдениет үйінде өтеді.

**Өткізу күні:** 2026 жылы 07 қазан сағат 15:00-де өтеді.

**Жоспарланған қызметтің бастамашысы:** «ТеңізСервис» ЖШС, БСН: 031240001508, Мекенжайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 36 «А» ғимарат. Байланыс тұлғасы: Г.Улукбанова 8(7292)200753, e-mail: gulukbanova@tnsr.kz

**Жобаны әзірлеуші:** БСН 110140001073, «Айбын Каспий» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 5-шағынаудан, 7-үй, 79-кеңсе. Байланыс тұлғасы: В.Савченко тел:+77071185102, e-mail: tandemeco@bk.ru.

**Интернетке қосылуға белсенді сілтеме:** https://us05web.zoom.us/j/81947976874?pwd=bowfQE73uDdnOeOEROJQnZolRer1fu.1

**Конференция идентификаторы:** 819 4797 6874

**Кіру коды:** 4RvzDz

Жобалардың материалдары сайтта орналастырылған www.ndbecology.gov.kz, сондай-ақ Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды рет теу басқармасы сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco

**Барлық ескертулер және (немесе) ұсыныстар www.ndbecology.gov.kz. сайтында қабылданады, сондай-ақ ЖАО электрондық мекенжайы бойынша: s.bazarbay@mangystau.gov.kz**

№417

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Бейнеу аудандық әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы **«Бейнеусусервис»** коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министірлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің 27.07.2026 жылғы №37-НҚ бұйрығына сәйкес Бейнеу, Боранқұл, Төлеп, Ноғайты, Сам, Тұрыш, Тәжен, Сарға ауылдары бойынша суды таратушы желілері арқылы беру қызметі **2026 жылдың 10 қыркүйегінен бастап 1м³ үшін қосымша құн салығынсыз 488,78 теңге** болып (қосымша құн салығымен 566,98 тг) бекітілгенін хабарлаймыз.

№418

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС ұжымы белгілі журналист

**Жоламан БОШАЛАҚТЫҢ**

қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС
ЖАРНАМА БӨЛІМІ
8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында
8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы
MAŃGYSTAÝ MEDIA

РЕДАКЦИЯ ЖАРНАМА МАТЕРИАЛЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА, СТИЛІ МЕН ОРФОГРАФИЯСЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ. МАТЕРИАЛ ТҮПНҰСҚА КҮЙІНДЕ ЖАРИЯЛАНАДЫ.